

# ЖАС ҒАЛЫМ МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДОГО УЧЕНОГО

ӘОЖ 340.11:2(574)

И.Е.Ысқақова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: indianacan@mail.ru)*

## Қазақстан Республикасында діни бірлестіктерді тіркеуге қатысты кейбір сұрақтар

Мақалада діни бірлестіктерді тіркеу, қайта тіркеу рәсімдері мен олардың қызметтерін реттеу тәртібі кеңірек қарастырылған. Автормен Қазақстан Республикасының діни бірлестіктерін тіркеуге қатысты нормативтік-құқықтық актілерге талдау жасалған. Сонымен қатар діни бірлестіктердің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша мемлекеттік тіркеуден бас тарту негіздері қарастырылған. Қазақстандағы қайта тіркеуден өту үдерісі бойынша статистикалық көрсеткіштер келтірілген.

*Кілт сөздер:* діни бірлестіктер, діни бірлестіктерді тіркеу, діни бірлестіктерді қайта тіркеу, коммерциялық емес ұйымдар, діни бірлестіктің мәртебесі.

Қазақстанда соңғы жиырма жылда қалыптасқан жаңа қоғамдық-саяси ахуалдың көріністеріне назар салсақ, қоғамдағы дін мен діни бірлестіктердің рөлі өзгеріп, дін мен діни бірлестіктердің қоғамдық беделі және қоғамдық өмірдің әр түрлі тұстарына ықпалы айтарлықтай өсіп, мәртебесі кеңейді. Аталған мерзім ішінде дінге сенушілердің және діни бірлестіктердің саны бірнеше есеге артып, қоғамда олардың қызметінің белсенділігі жоғарылады, қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды бөлігіне айналды, мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың сипаты өзгерді. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2011 жылы 1 қыркүйектегі Парламенттің төртінші шақырылымының бесінші сессиясында соңғы жылдары әлемде этносаралық және дінаралық жанжалдар тәуекелі өсе түскенін тілге тиек етіп, «Дінаралық келісім — біздің халқымыздың бірлігінің негіздерінің бірі», — дей келіп, Қазақстан Тәуелсіздігіне жаңадан берік құқықтық кепілдіктер беретін заңнама қажет екендігін мәлім еткен болатын [1].

Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы тәуелсіздігіміздің алғашқы айында — 1992 жылдың 15 қаңтарында мүлде басқа діни ахуал жағдайында қабылданған болатын [2]. 1991 жылы діни бірлестіктердің саны небәрі 671 болатын. Ал 2011 жылы діни бірлестіктер саны 4551-ге жетіп, олар 40-тан астам конфессиялар мен деноминацияларды құраған болатын [3]. Қазақстан Республикасының діни бірлестіктер туралы заңнамасын діни бірлестіктер қызметінің негізгі бағыттарын құқықтық реттеу, сондай-ақ әр түрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, кемшіліктер мен тартысты жайттерді жою жолымен жетілдіру мақсатында 2011 жылғы қазанның 11-інде «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» туралы Заң қабылданған болатын [4].

Әрине, бұл қоғамымызға жаңа серпін әкелді. Аталған Заңның басты жетістігі — діни бірлестіктерді тіркеу, қайта тіркеу рәсімдері мен олардың қызметтерін реттеу. Заңның 24-бабына сәйкес діни бірлестіктер заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде жаңа талаптарға сәйкес өздерінің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізуге міндетті [4]. Осылайша бұл ережеде еліміздің аумағында қызмет ететін барлық діни бірлестіктердің қайта тіркеуден өтуі қарастырылған болатын. Діни ұйымды тіркеу рәсімдерін жетілдіру мақсатында заңның жаңа нұсқасында діни бірлестіктерді тіркеуде назар аударылатын ерекше белгілер де берілген. Төменде діни бірлестіктердің тіркеу тәртібіне кеңірек тоқатылып өтсек.

Қазақстан Республикасында діни бірлестіктерді тіркеу заң бойынша да, практикада қолданылуына қатысты да күрделі сұрақтардың бірі болып табылады. Қазақстандағы діни бірлестіктеді тіркеу институтының маңыздылығы ол діни бірлестіктердің тіркеусіз қызмет жасай алмауында.

Діни бірлестікті тіркеу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен [5], «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заңымен [4], «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңымен [6], «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңымен [7] және де басқа да нормативтік актілер негізінде жүзеге асырылады.

Діни бірлестіктер жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актілер негізінде құрылып, ары қарай діни бірлестікті тіркеу келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

ҚР-ның «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес діни бірлестік деп Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігін айтамыз [4]. Р.Подопригора өзінің ҚР-ның «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заңына түсіндірмесінде діни бірлестіктің анықтамасына қатысты «діни бірлестіктің анықтамасы шектеліп көрсетілген. Діни танымның ерекшеліктеріне, ішкі ұйымдастырушылық нысандарына және әр түрлі басқару жүйелеріне қатысты азаматтардың бірлестіктері әр кез ерікті болуы мүмкін емес. Олардың кейбіреулері басқару орталықтарының шешімімен құрылуы мүмкін.» [8; 13]. Бұл орайда біз Р.Подопригораның пікірімен толық келісеміз.

Қазақстан Республикасында діни бірлестіктердің мәртебесі «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңына сәйкес анықталады. Қазақстан Республикасында жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктер құрылуы және әрекет етуі мүмкін.

Жергілікті діни бірлестік дегеніміз — Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматының бастамасы бойынша құрылған, бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет ететін діни бірлестік.

Өңірлік діни бірлестік деп кемінде екі облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, олардың әрқайсысынан Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз елу азаматы бар екі және одан да көп жергілікті діни бірлестіктердің қатысушылары (мүшелері) болып табылатын, Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылған діни бірлестік танылады. Өңірлік діни бірлестіктер жергілікті діни бірлестіктердің қызметі аумағының шегінде құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.

Республикалық діни бірлестік дегеніміз — барлық облыстардан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, Қазақстан Республикасының кемінде бес мың азаматының бастамасы бойынша құрылған, олардың әрқайсысында Қазақстан Республикасының кемінде үш жүз азаматы бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аумағында өз құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар діни бірлестік.

«Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңның 13-бабына сәйкес діни бірлестік он сегіз жасқа толған, құрылтай жиналысын (съезін, конференциясын) шақыратын Қазақстан Республикасы азаматтарының бастамасы бойынша құрылып, онда діни бірлестікті құру, оның атауы, жарғысы туралы шешімдер қабылданып, оның басшылық органдары құрылады [7]. Азаматтар құрылтай жиналысына (съезіне, конференциясына) өз еркі бойынша жеке түрде қатысады.

Діни бірлестік тек кәмелетке толған азаматтармен ғана құрылады. Азаматтардың құрылтай жиналысында тіркеуге ұсынылатын хаттамада сипатталған келесі сұрақтар қамтылуы қажет:

- діни бірлестікті құруы;
- діни бірлестіктің атауы;
- діни бірлестіктің жарғысын қабылдау;
- басқарушы органдардың қалыптасуы.

Заңда көзделгендей, азаматтар құрылтай жиналысына өз еркімен қатысады, яғни ешкімнің оларды еркінен тыс жиналысқа қатысуға мәжбүрлеуге құқықтары жоқ.

Діни бірлестіктің келесі белгілері бар:

- 1) ортақ діни ілімі;
- 2) діни жораларды, рәсімдер мен уағыздарды орындау;
- 3) өз қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын дінге тәрбиелеу;
- 4) қызметінің діни бағыты болуға тиіс.

Осы белгілерді бекіту жалған діни ұйымдарды тіркеуге қарсы шара ретін қарастыруға болады.

Заң негізінде республикалық діни бірлестіктер мен өңірлік діни бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес діни қызметшілер даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелер нысанында діни білім беру ұйымдарын құруға құқылы. Жергілікті діни бірлестіктерге діни қызметшілер даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелер нысанында діни білім беру ұйымдарын құру құқығы берілмеген. Діни білім беру ұйымдары тек қана діндарларды дайындау үшін құрылады. Мекеме коммерциялық емес ұйымдардың бір түрі болып саналады. Осылайша мекеме формалды түрде діни бірлестік болып табылмайтындықтан, оның құрылуы басқа талаптар негізінде жүзеге асырылады.

Діни білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен реттеледі [9].

Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, діни бірлестіктен басқа өзгеше ұйымдық-құқықтық нысанда діни қызметпен айналысатын заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

Мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен мекемелерде, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында діни бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құруға жол берілмейді.

Діни бірлестік оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап заңды тұлғаның құқық қабілеттілігіне ие болады.

Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болып, заңды тұлғаның азаматтық құқықтары болып, өз қызметіне байланысты міндеттерді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес мойнына алады. Мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдардың азаматтық құқықтары болуы және заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызмет түрін жүзеге асыру үшін қажетті азаматтық міндеттерді атқаруы мүмкін және ол заңды тұлғаны тарату аяқталған кезде тоқтатылады.

Азаматтық кодекстің 33-бабында заңды тұлғаға мынадай тұжырым берілген: «Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады» [5]. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс. Заңды тұлғаның өз атауы, жазылған мөрі болады.

Азаматтық кодекстің 38-бабына сәйкес заңды тұлғаның оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады және оның қалай аталатынын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды [5]. Сонымен қатар заңды тұлғаның атауында заң талаптарына немесе қоғамдық мораль қалыптарына қайшы келетін аттарды, егер жеке адамдардың есімдері қатысушылардың есімдеріне сәйкес келмесе не қатысушылар бұл адамдардың есімін пайдалануға олардан (олардың мұрагерлерінен) рұқсат алмаса, олардың есімдерін пайдалануға жол берілмейді.

Заңды тұлғаның фирмалық атауды тек қана өзі пайдалануға құқығы бар. Бөтен бір фирмалық атауды заңсыз пайдаланатын тұлға фирмалық атаудың құқық иесінің талап етуі бойынша мұндай атауды пайдалануды тоқтатуға және келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті. Жоғарыда көрсетілген заңнаманы басшылыққа ала отыра, діни бірлестіктің атауы ұстанатын діни мен мәртебесін қамтуы тиіс. Қазіргі таңда діндердің көптігін және олардың көптеген конфессиялар мен деноминациялардан тұратынын ескеріп, бірлестік атауларында ұстанатын дінін барынша дәл көрсетілуі тиіс. Осылайша діни бірлестіктің толық атауында келесілер көрсетілуі қажет:

- мәртебесі;
- ұйымдастырушылық құқықтық нысанасын көрсету;
- діни танымдылығы;
- территориялық орналасуы мен атауын көрсету керек.

Сонымен қатар, заңда көзделгендей, толық және қысқартылған атауы мен оның нышаны Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің мемлекеттік рәміздерін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына байланысты тыйым салынған және (немесе) таратылған діни бірлестіктердің атауы мен нышанын толық немесе оның елеулі бөлігінде қайталамауға тиіс.

Республикалық діни бірлестіктерді және өңірлік діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады. Министрлік құрылымында бұл функцияны құқықтық көмек көрсету және тіркеу қызмет комитеті жүзеге асырады. Жергілікті діни

бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Діни бірлестікті құру туралы шешім қабылданған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде тіркелу үшін тіркеуші органға өтініш беру керек. Өтініштің нысаны Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 112 бұйрығымен бекітілген Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген [10]. Тіркелушілер үшін екі ай мерзімін қатаң қадағалау өте маңызды екенін айта кеткен жөн. Себебі берілген уақытты қадағаламауы оның мемлекеттік тіркеудің бас тартуына әкеліп соғуы мүмкін. Өтінішке:

1 Діни бірлестік басшысының қолы қойылған діни бірлестіктің жарғысы. Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде нөмірленген, тігілген және бірлестік басшысымен расталған үш данада тапсырылады. Бірлестік басшысы бірлестіктің жарғысында көрсетілі керек.

2 Құрылтай жиналысының (съезінің, конференциясының) хаттамасы. Хаттама мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылып, төраға мен хатшы қолдарымен расталу қажет. Хаттамада құрылтай жиналысында шешілетін мәселелер толық қамтылуы тиіс.

3 Құрылатын діни бірлестіктің бастамашы азаматтарының тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштердегі тізімі.

4 Діни бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжат. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу нұсқаулығы бойынша заңды тұлғаның тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттарды тапсыру керек.

5 Діни ілімнің пайда болу тарихы мен негіздерін ашып көрсететін және осы ілімге сәйкес келетін діни қызмет туралы мәліметтер қамтылған діни баспа материалдары. Бұл орайда заңның негізгі түсініктеріне діни әдебиеттер терминін енгізіп, оған сәйкесінше түсінік беру керек. Дінтану сараптамасын жүргізудің нормативті негізі 2012 жылдың 7 ақпанында № 209 Қаулымен бекітілген дінтану сараптамасын жүргізу қағидасы болып табылады [11]. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 қазандағы № 1311 Қаулысымен бекітілген «Дінтану сараптамасын жүргізу» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылады [12]. Берілген құжаттарға сәйкес, діни сараптама мекемелік құжаттардың, сонымен бірге басқа да құжаттардың, рухани танымдық бағдарламалардың, діни сипаттағы ақпараттық материалдардың сәйкестігін тексеру мақсатында өткізіледі. Сараптаманы жүргізу діни қызмет саласында мемлекеттік реттеуді іске асыратын уәкіл етілген органмен (Діни істер бойынша агенттік) қамтамасыз етіледі.

Сараптама міндеттері:

1) нысанның нақты діни сенімге жататындығын анықтау, діни бірлестік ұсынатын мекемелік құжаттар негізінде нысанның мазмұнын, діни ілім және діни рәсімдер негізіндегі мағлұматтарды бағалау;

2) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) барысындағы діни бірлестік қызметінің көрсетілген формалары мен әдістерінің нақты қызметімен сәйкес келуін тексеру;

3) сараптама нысаны мазмұнының Конституция нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін белгілеу.

6 Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін алымдар төлемін растайтын құжат. Мемлекеттік тіркеу үшін алым төлемі 6,5 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Көрсеткіш көлемі жыл сайын бюджет заңнамасын қатысты бекітіліп отырады [13].

7 Діни бірлестіктің басшысын сайлау туралы шешім не шетелдік діни орталық басшыны тағайындаған жағдайда, уәкілетті органмен келісілгенін растайтын құжат қоса беріледі. Егер де шешім құрылтай жиналысында қабылданған болса, онда оның мәтіні хаттамада көрсетілген мәтінге сәйкес болуы керек.

Өңірлік діни бірлестікті тіркеу кезінде тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша өңірлік діни бірлестіктерді құруға бастамашылық жасаған жергілікті діни бірлестіктердің әрқайсысының қатысушыларының тізімі, сондай-ақ олардың жергілікті діни бірлестіктері жарғыларының нотариат куәландырған көшірмелері қосымша табыс етіледі.

Республикалық діни бірлестіктер мәртебесін растау үшін тіркелген күнінен бастап бір жыл өткенге дейін тіркеуді жүзеге асыратын органға олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті. Егер де заңда көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, республикалық діни бірлестік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылуға немесе таратылуға жатады.

Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, діни бірлестіктерді қайта тіркеу, тіркеуден бас тарту «Діни бірлестіктер» ҚР Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады [7].

Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) мерзіміне дінтану сараптамасын жүргізу және діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтар тізімінің «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкестігін тексеру үшін үзіліс жасалалып, үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға дінтану сараптамасын жүргізу және діни бірлестіктер құруға бастамашы азаматтар тізімдерін тексеруді ұйымдастыру үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін жібереді. Ұсынылған құжаттардың заңнамаға сәйкестігін тексерудің, жүргізілген дінтану сараптамасының, діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтардың тізімін тексерудің нәтижелері бойынша діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу туралы немесе мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Діни бірлестіктің жарғысы тіркеуге ұсынылатын және де діни бірлестіктердің қызметіндегі негізгі құжат болып саналады. Жарғыда қандай мағлұматтардың болуы заңда айқын көрсетілген. Сонымен қатар жарғы дайындау барысында Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңын басшылыққа алу керек [6]. Сонымен қатар азаматтық заңнамамен салалық заңдарды да ескерген жөн.

Діни бірлестік өз қызметін жарғының негізінде жүзеге асырады, онда мыналар:

1) атауы, қызметінің мәні мен мақсаттары. Діни құрылымның атауы, ұйымдық құрылымдық нысаны, мәртебесі, діни танымдылығы, діни бірлестік қызметінің бағыты және мақсаттары (ілімді тарату және т.б) толық көрсетілуі тиіс;

2) орналасқан жері және оның шегінде өз қызметін жүзеге асыратын аумақ. Тұрақты қызмет ететін органның тұрғылықты жерін көрсету керек;

3) құрылымы, басқару органдарын қалыптастыру тәртібі мен олардың құзыреті.

Діни бірлестік кез келген коммерциялық емес ұйым ретінде жоғары, атқару және бақылау органдарын қамту керек. Әрине, жарғы да басқа да ішкі құрылымдардың қызмет етуін көздеуі мүмкін. Басқару органдарының қалыптасуы мен қызмет етуін нақты анықтап, оның қызмет етуін тоқтату негіздері де көрсетілуі қажет. Сонымен қатар басқару органдарының ұйымдастырушылық сұрақтары және де орган құзыреті көрсетілуі керек. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңда басқарудың жоғары органының құзыреті анықталған [6]. Бұл дегеніміз тек қана жоғарғы орган келесі мәселелерді шешеді:

- коммерциялық емес ұйымдардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы шешім қабылдау;

- коммерциялық емес ұйымдардың ерікті түрде өз жұмысын тоқтатуы;

- коммерциялық емес ұйымдардың басқару органдарының қалыптасуы мен өз жұмысын тоқтатудағы тәртібін анықтау, ұйымдастырушылық құрылым мен құзыреттілігін анықтау;

- атқару органдарының қаржылық есептерін тапсыру мерзімі мен тәртібін анықтау. Бақылау органымен өткізілетін тексеріс тәртібін айқындап, оның қорытындыларын бекіту.

- бекітілген заңнама шеңберінде коммерциялық емес ұйымдардың басқа заңды тұлғалардың және өзінің филиалдары мен өкілдіктерінің құрылуы мен қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау.

Сонымен қатар басқарудың жоғары органы өз құзыреті шегінде қызмет түріне қатысты басқа да сұрақтарды қамти алады.

Жарғыда сонымен қатар діни бірлестік мүшелерінің міндеттері мен құқықтарына тоқталып өту керек.

Ұстанатын діни, діни ілімінің негіздері және осы ілімге сәйкес келетін діни қызметі туралы мәліметтер. Бұл орайда діни бірлестік негізгі діни ілімдерді, діни бірлестік қызметінің нысандарын, неке мен жанұяға, білімге, діни бірлестіктің мүшелерінің денсаулығына қатысты қатынастарының ерекшеліктері, мүшелері мен табынушыларының конституциялық міндеттері мен құқықтарының орындалуына көзқарасы жайлы мағлұматтың болуын көздейді.

Діни бірлестікке мүшелікке кіру немесе мүшеліктен шығу тәртібінің шарттарын анықтау қажет (мысалы, жас, азаматтығы, діни танымы т.б.).

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңымен және де басқа нормативтік-құқықтық актілер негізінде діни бірлестіктердің мүлкінің қалыптасу қайнар көздеріне діни бірлестік мүшелелерінен түсетін алымдарды, ерікті түрдегі мүлкілік салымдары, акциялардан,

облигациялардан және басқа да құнды қағаздардан түсетін дивидендтерді және басқа да заңмен рұқсат етілген алымдарды айтамыз. Бұл аталған қайнар көздерді жарғыда белгілеп көрсетуге болады.

Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін толық көрсетіп жазу керек. Себебі кейбір өзгерістер діни бірлестіктің қайта тіркелуіне әкеліп соғады. Мысалы, Азаматтық кодекстің 42-бабы бойынша егер діни бірлестіктің өз атауын өзгертетін болса, қайта тіркелуге тиіс [5]. Аталған негіздер бойынша құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер заңды тұлға қайта тіркелмейінше жарамсыз болып табылады.

Қызметін қайта ұйымдастыру және оны тоқтату шарттары ҚР Азаматтық кодексінің 41-баптың 5-тармағына сәйкес заңды тұлғаның қызметін қайта құру және жою ережелері белгіленуі тиіс деп көрсетілген [5].

Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың), сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі. ҚР Азаматтық кодексі мен «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заң бойынша коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және басқа да заң актілерінде көзделген негізде және тәртіппен ерікті түрде (оның мүлкін иеленушінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ бұған құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша) және мәжбүрлеп (сот шешімі бойынша) таратылуы мүмкін.

Таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі көп жағдайда жарғы негізінде әдетте екінші бір діни наным өздеріне жақын діни бірлестіктің құзыретіне өтеді. Сонымен қатар филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер болуға тиіс.

Діни бірлестіктің жарғысында оның қызметіне қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер болуы мүмкін. Мысалы, діни бірлестік жарғысында заңмен белгіленген құқықтарды өз қызметімен байланыстырып бекітіп қою керек (діни қызметпен айналысуға қатысты құқықтар, мемлекеттік немесе басқа да ұйымдармен қатынастарын құрудағы қолданылатын құқықтар, әр түрлі қызметтер жүргізу құқығы, мүліктік, ұйымдастырушылық сұрақтармен қатысты құқықтарының болуы). Және де діни ілім негіздері мен діни қызмет туралы мәліметтерде негізгі діни идеялар, діни бірлестік қызметінің нысандары, осы діни бірлестік қатысушыларының (мүшелерінің) және басқа да адамдардың неке мен отбасына, білімге, денсаулыққа көзқарасының ерекшеліктері, оның қатысушылары (мүшелері) мен қызметшілерінің конституциялық құқықтары мен міндеттерін іске асыруға көзқарасы қамтылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сондай-ақ құрылтай құжаттарындағы және өзге де ұсынылған құжаттардағы мәліметтер дәйексіз болса және (немесе) құрылатын бірлестік дінтану сараптамасының нәтижелері негізінде діни бірлестік ретінде танылмаған жағдайларда діни бірлестікті мемлекеттік тіркеуден, оның құрылымдық бөлімшесін (филиалы мен өкілдігін) есептік тіркеуден бас тартылады.

Осылайша, мемлекеттік тіркеуден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамасымен жалпы және арнайы негіздер бойынша жүзеге асырылады. Ол:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 42-бабының 5-тармағына сәйкес және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу» Заңының 11-бабын бұзылған жағдайда, яғни, заңды тұлға құрудың заңда белгіленген тәртібін бұзса немесе оның құрылтай құжаттарының заңға сәйкес еместігі анықталса, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден бас тартуға әкеліп соқтырады.

- «Діни бірлестіктер және діни бірлестіктер қызметі туралы» ҚР Заңның 17-бабы 1-тармағы бойынша құрылтай құжаттарындағы және өзге де ұсынылған құжаттардағы мәліметтер дәйексіз болса және (немесе) құрылатын бірлестік дінтану сараптамасының нәтижелері негізінде діни бірлестік ретінде танылмаған жағдайларда діни бірлестікті мемлекеттік тіркеуден, оның құрылымдық бөлімшесін (филиалы мен өкілдігін) есептік тіркеуден бас тартылады.

Тіркеуден бас тартылған жағдайда Азаматтық іс жүргізу кодексінің 27-тарауына сәйкес сотқа шағымдануға болады [14].

Діни бірлестіктер «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының [15], Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы жеке және «Заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын басшылыққа ала отырып [16],

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің құқықтық көмек көрсету орталағымен тіркеу қызметі комитетіне шағымдана алады.

Р.Подопригораның ойы бойынша, діни сараптаманың қорытындысын жауапкер ретінде дін істер жөніндегі агенттікті тартып даулауға болады [8; 73].

«Елімізде діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заңның 24-бабына сәйкес діни бірлестіктер заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде жаңа талаптарға сәйкес өздерінің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізуге міндетті болғандығын атап өткен болатынбыз. Осыған орай діни бірлестіктер аталған талаптар бойынша көзделген мерзімде діни бірлестіктер тіркеуден өткен болатын. Тіркеуден өткен діни бірлестіктер тізімі төмендегі кестеде көрсетілген [17].

К е с т е

#### Діни бірлестіктер тізімі

№	Конфессиялар	01.01.2011 ж. жағдай бойынша	25.10.2012 ж. жағдай бойынша
1	Ислам	2811	2229
2	Православие	304	280
3	Елуіншілер шіркеулері	400	189
4	Інжілдік христиан-баптистер	364	100
5	Католиктік	118	79
6	Иегова куәгерлері	70	59
7	Просвитериандық шіркеулер	229	55
8	Жетінші күн адвентистері	67	42
9	Інжілдік-лютеран шіркеуі	32	13
10	Методистер	18	11
11	Новоапостольская церковь	47	8
12	Кришнаиттер	14	8
13	Бахаи	20	6
14	Иудаизм	26	4
15	Буддизм	4	2
16	Иса Мәсіхтің соңғы қасиетті күндері (мормондар) шіркеуі	1	2
17	Меннониттер	6	1
	ЖАЛПЫ	4 551	3 088

Е.Қ.Көбеев өз монографиясында аталған мәселені қарастыра отырып, бірінші кезекте мемлекет діни заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету керек, сонымен қатар діни бағыттарының даму тенденцияларын терең зерттеп, діни аядағы негативтік құбылыстардың алдын алуға байланысты жан-жақты жұмыс жасау керек дейді [18]. Заң орындалуымен құнды демекші, біз мақаламызды Діни істері агенттігінің Төрағасы Қ.Лама Шарифтің сөзімен аяқтағымыз келеді: «Ең алдымен, діни бірлестіктерді қайта тіркеудің әрбір діни бірлестіктің қызметі негізінде құралатын елдегі діни ахуалдың нақты жағдайы туралы мәліметтерді айқындай түсуге және жанартуға мүмкіндік бергенін айтқым келеді. Бұған қоса, діни бірлестіктерді қайта тіркеу үдерісінің нәтижесінде Қазақстандағы конфессияларды жіктеу жүйесі жетілдіріліп, олардың нақты саны 46 емес, 17 екені анықталды. Атап айтқанда, ағымдағы жылдың 19 маусымында «Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы» Республикалық ислами діни бірлестік ретінде тіркелді. Қазіргі уақытта барлық облыстарда 2228 мешіт қайта тіркеуден өтті. Осылайша, Қазақстанның бірегей және біртұтас ислами ұйымы қалыптасты. Қазақстанның Православие шіркеуінде бірқатар құрылымдық өзгерістер болды. 17 қазанда 261 приход пен 9 епархияны біріктірген Митрополиялық округ те республикалық діни бірлестік куәлігін алды. Сонымен қатар жаңа заңға сәйкес православие дінінің аясында Армян апостолдар шіркеуі мен 8 көне әдет-ғұрыптар шіркеуі қызмет ете бастады. Қазақстанда Рим-католик шіркеуінің 79 субъектісі діни қызмет атқарады, 4 иудей қауымы мен 2 буддистік бірлестіктер тіркеуден өтті. Бұрын қызмет атқарған 666 протестанттық діни бірлестіктердің ішінен 462-сі, яғни 69 %-ы, қайта тіркеуден өтті, қалғандары таратылу үдерісінде. Дәстүрлі емес діни бірлестіктердің басым бөлігі қайта тіркелуге келмеді. Дәстүрлі емес 48 діни бірлестіктің ішінен 16-сы ғана қайта тіркеуден өткен, қалған 32 бірлестік, Әділет министрлігінің өтініші бойынша, сот тәртібімен таратылады. Жалпы, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 46 конфессия мен

деноминацияларды біріктіретін 4551 діни бірлестік пен заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтардан Қазақстанда 17 конфессия өкілдерінен құралған 3088 діни бірлестік пен олардың филиалдары қалды. Осылайша, діни бірлестіктердің 32 %-ы, немесе үштен бірі, қысқарды» [19].

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2011 жылы 1 қыркүйектегі Парламенттің Бесінші сессиясында сөйлеген сөзі // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.parlam.kz/ru/president-speech/27>
- 2 «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы № 1128-ХІІ Заңы. Күші жойылды — ҚР 2011.10.11 № 483-ІV Заңымен // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000\\_/links](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_/links)
- 3 Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата отырысында Агенттік төрағасы Қ.Л. Шариғтің сөйлеген сөзі, Астана қ., 14 қыркүйек 2011 ж. // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://e-islam.kz/kz/contents/view/444>
- 4 Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІV Заңы // Егемен Қазақстан 2011 жылғы 15 қазандағы № 497–500 (26892) // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://kz.government.kz/docs/z110000048320111011~1.htm>
- 5 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қаулысымен қолданысқа енгізілді // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (26.11.2013 ж. жағдай бойынша)
- 6 Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы коммерциялық емес ұйымдар туралы № 142 Заңы // Егемен Қазақстан 2001 жылғы 26 қаңтар № 16 (04.07.2013 ж. жағдай бойынша) // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://kz.government.kz/docs/z010000142\\_20130704~1.htm](http://kz.government.kz/docs/z010000142_20130704~1.htm)
- 7 Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңы (2013.21.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51003592](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51003592)
- 8 *Подопригора Р.А.* Комментарий к Закону Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях». — Алматы: Налоговый эксперт, 2013. — 212 с.
- 9 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2013. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30119920&](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920&)
- 10 Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 112 бұйрығы (19.06.2013. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30101493&](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30101493&)
- 11 Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 209 Қаулысы // Егемен Қазақстан. — 2012. — № 83–84. 7 наур.
- 12 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 қазандағы № 1311 Қаулысымен бекітілген «Дінтану сараптамасын жүргізу» мемлекеттік қызмет стандарты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31276984](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31276984)
- 13 Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы мемлекеттік қызмет көрсету: Әдіст. құрал. — Астана: «Қазақстан Республикасының заң шығару институты» ЖШС, 2009. — 57-б.
- 14 Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі (Астана, 1999 ж. 13 шілде № 411-І) (2013.03.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51013921&](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51013921&)
- 15 «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000107\\_/links](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000107_/links)
- 16 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. — 2007. — № 2. — 17-қ.
- 17 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [http://www.din.gov.kz/rus/religioznye\\_obedineniya/?cid=0&rid=596](http://www.din.gov.kz/rus/religioznye_obedineniya/?cid=0&rid=596)
- 18 *Кубеев Е.К.* Теоретико-правовые аспекты развития конституционного строя Республики Казахстан: Монография. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2012. — С. 480.
- 19 *Шәріп Қ.Л.* Қазақстанның діни алаңы тазартылды // Егеменді Қазақстан. — 2012. — 25 қазан.

И.Е.Искакова

### Некоторые вопросы регистрации религиозных объединений в Республике Казахстан

В статье рассмотрены порядок регистрации и перерегистрации религиозных объединений и порядок регулирования их деятельности в Республике Казахстан. Автором сделан анализ нормативно-правовых актов, регулирующих регистрацию религиозных объединений в РК, а также рассмотрен вопрос об отказе в государственной регистрации религиозных объединений по законодательству Республики Казахстан.

I.E.Iskakova

## Some questions of registration of religious associations in the Republic of Kazakhstan

In this article the order of registration and re-registrations religious association and an order of regulation of their activity in the Republic of Kazakhstan is considered. The author made the analysis of standardly legal acts of religious associations regulating registration in RK. And also the question of refusal religious association from the state registration by the legislation of the Republic of Kazakhstan is considered.

### References

- 1 *Speech of the President of Kazakhstan N. Nazarbaev at opening of the fifth session of Parliament of the Republic of Kazakhstan of the fourth convocation*, [ER]. Access mode: <http://www.parlam.kz/ru/president-speech/27>
- 2 *The law of the Republic of Kazakhstan of January 15, 1992, 1128-XII O a freedom of worship and religious associations. It became invalid according to the Law RK of October 11, 2011, 483-IV*, [ER]. Access mode: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000\\_/links](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_/links)
- 3 *Speech of the chairman of agency on affairs of religion of Kairat Lahm Sharif. Astana on September, 14, 2011*, [ER]. Access mode: <http://e-islam.kz/kz/contents/view/444>
- 4 *The law of the Republic of Kazakhstan of October 11, 2011, 483-IV About religious activity and religious associations (with changes and additions as of 05.12.2013)*, [ER]. Access mode: <http://kz.government.kz/docs/z110000048320111011~1.htm>
- 5 *The civil code of the Republic of Kazakhstan of December 27, 1994*, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (with changes and additions as of 26.11.2013)
- 6 *The law of the Republic of Kazakhstan of January 16, 2001, 142-II «About non-profit organizations» (with changes and additions as of 04.07.2013)*, [ER]. Access mode: [http://kz.government.kz/docs/z010000142\\_20130704~1.htm](http://kz.government.kz/docs/z010000142_20130704~1.htm)
- 7 *The law of the Republic of Kazakhstan of April 17, 1995 No. 2198 O of the state registration of legal entities and registration of branches and representations (with changes and additions as of 21.06.2013)*, [ER]. Access mode: [http://online.zakon.kz/Document/? doc\\_id=51003592](http://online.zakon.kz/Document/? doc_id=51003592)
- 8 Podoprigora R.A. *Kommentary to the Republic Kazakhstan law «About religious activity and religious associations»*, Almaty: Nalogovy the expert, 2013, 212 p.
- 9 *The law of the Republic of Kazakhstan of July 27, 2007, 319-III «About education» (with changes and additions as of 04.07.2013)*, [ER]. Access mode: [http://online.zakon.kz/Document/? doc\\_id=30119920&](http://online.zakon.kz/Document/? doc_id=30119920&)
- 10 *The order of the Minister of Justice of the Republic of Kazakhstan of April 12, 2007 № 112 About the approval of the Instruction on the state registration of legal entities and registration of branches and [ER]*. Access mode: [http://online.zakon.kz/Document/representations/? doc\\_id=30101493&](http://online.zakon.kz/Document/representations/? doc_id=30101493&)
- 11 *The resolution of the government of the Republic of Kazakhstan of February 7, 2012, 209 About the approval of Rules of carrying out theological examination and about recognition become invalid for some decisions of the Government of the Republic of Kazakhstan «Sovereign Kazakhstan» on March 7, 2012, p. 83, 84.*
- 12 *About the approval of standards of the state services in the sphere of religious activity the Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan of October 15, 2012, 1311 yzmet the [ER]*. Access mode: [http://online.zakon.kz/Document/standards/? doc\\_id=31276984](http://online.zakon.kz/Document/standards/? doc_id=31276984)
- 13 *The state services through the centers of service of the population: methodical grant*, Astana: «Legislation institute» LLP, 2009, p. 57.
- 14 *The code of civil procedure of the Republic of Kazakhstan of July 13, 1999, 411-I (with changes and additions as of 03.07.2013)*, [ER]. Access mode: [online.zakon.kz/Document/? doc\\_id=51013921&](http://online.zakon.kz/Document/? doc_id=51013921&)
- 15 *The law of the Republic of Kazakhstan of November 27, 2000, 107 About administrative procedures*, [ER]. Access mode: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000107\\_/links](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000107_/links)
- 16 *The law of the Republic of Kazakhstan of January 12, 2007, 221-III «About an order of consideration of addresses of natural and legal entities»*. Messenger of Parliament of RK, 2007, 2, 17 document;
- 17 [ER]. Access mode: [http://www.din.gov.kz/rus/religioznye\\_obedineniya/? cid=0&rid=596](http://www.din.gov.kz/rus/religioznye_obedineniya/? cid=0&rid=596)
- 18 Kubeev E.K. *Theorist the legal aspects of development of the constitutional system of the Republic of Kazakhstan: Monograph*, Karaganda: Publ. house KSU, 2012, p. 480.
- 19 Sharif K.L. *In Kazakhstan the religious space // Sovereign Kazakhstan was cleared*, 2012, October, 25.